

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «24» қазан

Хабарландыру бойынша алаяқтар

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) соңғы кездері интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттердің көбейіп кетуіне байланысты қазақстандықтарды қырағы болуға шақырады.

Ал интернет арқылы әрекет жасайтын алаяқтар бүгінде аңғал азаматтарды алдаудың жаңа әдістерін ойлап тауып жатыр. Солардың бірі – несие рәсімдеуге қатысты болып отыр. Мұнда алаяқ әр түрлі бүркеніш атты жамылып, интернетте хабарландыру орналастырады. Онда ол Астана және басқа да қалалардың тұрғындарына екінші деңгейдегі банктерде несие рәсімдеуге көмектесетіндігі туралы уәде береді. Хабарландыруға қызығушылық білдірген адамға алаяқтың банктік картасының деректемелері көрсетілген SMS-хабарлама жіберіледі және клиенттің төлем қабілетін растайтын «дұрыс үзінді-көшірме» алу үшін «белгілі бір сыйақы» аудару талап етіледі. Содан кейін осы SMS-хабарламада көрсетілген «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің бірінде Қор қызметкері «дұрыс үзінді-көшірмені» береді-мыс.

Қазақстан азаматтарының зейнетақы жинақтары туралы анықтаманы Қордың кез келген бөлімшесіне келу арқылы, сонымен қатар электрондық пошта, Қор сайты, «БЖЗҚ» АҚ ұялы қосымшасы және egov.kz электрондық үкіметі бойынша тегін алатындықтарын тағы да ескертеміз.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ орын алған деректерге қатысты мәліметтерді процессуалдық шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жолдады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz